

"Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 101-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 24 сәуірде № 38547 тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31053 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарында:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кешенді тестілеу – цифрлық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны;"

12-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген), "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29767 болып тіркелген) бұйрықтарымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББП үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;"

көрсетілген Өлшемшарттарға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін "Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің	100%	5
	95 – 99%	4
	80 – 94%	3

5	жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36047 тіркелген) (бұдан әрі – № 92 бұйрық) сәйкес жағдай жасау	80%-дан төмен	2
---	---	---------------	---

";

көрсетілген Өлшемшарттарға 2-қосымшада:

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 473 бұйрық) сәйкес негізгі жұмыс	Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 45 %-дан жоғары, гимназиялар - 50 % -дан жоғары; Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер - 30 %-дан жоғары	5
		Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 35% -дан 44 % аралығында, гимназиялар –40%- дан 49% аралығында; Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер – 25%-дан 29% аралығында	4
		Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 25%-	

	орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	дан 34 % аралығында, гимназиялар –30%-дан 39% аралығында; Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер – 20%-дан 24% аралығында	3
		Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 25 % -дан төмен, гимназиялар – 30% -дан төмен; Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер – 20%-дан төмен	2

".

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

		Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 55 % -дан жоғары, лицейлер - 60 % -дан жоғары, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары, гимназиялар үшін 60 % -дан жоғары, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 65 % -дан жоғары, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар	5
--	--	---	---

кезеңдерінің жеңімпаздарын және/ немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда);
Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:
жалпы білім беретін мектептер 35 %-дан жоғары

Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:
жалпы білім беретін мектептер,
мектеп-гимназиялар,
мектеп-лицейлер -45% - дан 54 % аралығында,
лицейлер - 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында,
гимназиялар үшін 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында,
дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 55%⁴-дан 64% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/ немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың

№ 473 бұйрығына сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі

қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда);

Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:
жалпы білім беретін мектептер 30%-дан 34 % аралығында

Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:
жалпы білім беретін мектептер,
мектеп-гимназиялар,
мектеп-лицейлер -35%-дан 44 % аралығында,
лицейлер - 40%-дан 49 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан 39% аралығында,
гимназиялар үшін 40%-дан 49 % аралығында, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан 39% аралығында,
дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 45% -дан 54% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда);
Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:

	жалпы білім беретін мектептер 25%-дан 29 % аралығында	
	Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -35%-дан төмен, лицейлер - 40 %-дан төмен, оның і ш і н д е жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі30%-дан төмен, гимназиялар үшін 40 %-дан төмен, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан төмен, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 45% -дан төмен, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер 25 %-дан төмен	2

".

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Ғимараттарда (оқу корпусарында) ерекше	100%	5
		95 – 99%	4

7	білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін № 92 бұйрығына сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	80 – 94%	3
		80%-дан төмен	2

".

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының үшінші және төртінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі*

Ж. Сулейменова